- ❖ **Ұтыс ойындарының жеңімпаздары (Жеңімпаздар) –** ұтыстарға қатысудың нәтижесінде Акция Жүлделерін алу құқығын алған тұлғалар.
- ❖ **Акция Қатысушысы (-лары) –** Қағидаларда көзделген барлық әрекеттерді тиісті түрде жасаған Қазақстан Республикасының барлық азаматтары және ҚР-да тұруға ықтиярхаты бар, ҚР аумағында тұратын кәмелетке толған (18 (он сегіз) жасқа толған) шетел азаматтары.
- ❖ **Акция Сайты –** Қатысушыларға Акцияға қатысу үшін қажетті әрекеттерді жасауға мүмкіндік беретін, <https://ferrero-promo.kz/> мекенжайы бойынша орналасқан Акцияның Интернет желісіндегі парағы.

1.

АКЦИЯНЫ ӨТКІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

1.1. Акцияға сайтта ұсынылған әрекеттерді орындаған тұтынушылар қатысады.

Акция лотерея болып табылмайды.

Акция төменде мазмұндалған Қағидалар бойынша Қатысушыларды алдын ала саралаусыз, ашық, жария түрдегі ынталандыру имидждік-жарнамалық іс-шарасы түрінде өткізіледі.

1.2. Акцияны өткізу мерзімдері: 2025 жылғы «15» тамыздан бастап 2025 жылғы «9» қазан дейін, екі күнді қоса алғанда (осы жерде және бұдан әрі мәтін бойынша барлық күндерді қоса алғанда, күндер мен уақыт Астана қ. уақыты бойынша көрсетіледі)

1.2.1. Акцияны өткізу кезеңі, Қағидалардың тәртібі бойынша және оған сәйкес: 2025 жылғы «15» тамыз күнгі сағат 00:01 бастап 2025 ж. «9» қазан күнгі сағат 23:59 дейін Астана қ. уақытымен.

➤ **Ұтыс ойындарының Жеңімпаздарын анықтаудың және жариялаудың жалпы кезеңі:**

1.2.2. Акция Жүлделерін осы Қағидаларға сәйкес анықталған алушыларға **табыстаудың жалпы мерзімі:** тиісті Жеңімпаздар анықталған және жариялаған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кеш емес.

1.2.3. Акция Жүлдесін алу үшін, Жеңімпаз ретінде жарияланған Қатысушы жеке куәлігінің дербес деректерін (ТАӘ, фотосурет, №, берілген күні) және жүлделерді жеткізу мекенжайын ұсынуы тиіс.

1.2.4. Ұйымдастырушыға тәуелді емес мән-жайлар (оның ішінде форс-мажор мән-жайлары, өйткені олар ҚР заңнамасына сәйкес түсініледі) туындаған кезде, Қағидаларға өзгерістер енгізу жолымен және Қатысушыларды Қағидалардан белгіленген тәртіппен хабардар ету жолымен Акцияны өткізу, Акция

Жүлделерінің ұтыс ойындарын және/немесе конкурс нәтижелерін жариялау күндерін Ұйымдастырушы өзгертуі/ауыстыруы мүмкін.

2. НАУҚАННЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

2.1. Акцияның жүлделі қоры 209 (екі жүз тоғыз) Жүлде бірлігін құрайды. Акция кезеңінде Жүлделер ретінде ұтыс ойындары өткізіледі:

- **Ferrero Rocher T10, Raffaello T15 қапшықтарынан тұратын 80 (сексен) дана брендтік қаптамадағы Raffaello және Ferrero Rocher кәмпит жинағы;**
- **номиналы 10.000 тг «Meloman» дүкеніне сертификат - 112 дана;**
- **Amazon Kindle Paperwhite 2021 электрондық кітабы – 16 дана.**
- **Apple MacBook Air 2025 M4 /13" / 16GB / SSD 256GB / MacOS / Silver ноутбугы - 1 дана.**

2.2. Қағидаларда көрсетілген Акция жүлделері Ұйымдастырушының Қатысушыларға Акцияның өтетіні жайында ақпарат беру үшін Instagram ресми парақшасында орналастырылатын жарнамалық-ақпараттық материалдарда қолданған осы Жүлделердің кез келген фотосуретінен немесе графикалық кескіндерінен өзгешеленуі мүмкін. Акция Жүлделерінің түрі, ассортименти, түсі, басқа параметрлері мен сипаттамалары Ұйымдастырушының қалауына қарай анықталады және Қатысушылардың күткеніне сәйкес келмеуі мүмкін.

2.3. Ұйымдастырушы Қағидаларда заттай нысанда анықталған Жүлде(-лер) құнының ақшалай баламасын төлеуді, Акция Қатысушыларының/Жеңімпаздардың қалауы бойынша Жүлдені(-лерді) ауыстыруды жүзеге асырмайды.

2.4. Жүлделер саны шектеулі.

2.5. Жүлделер туралы ақпараттық түсінік беретін Жүлделердің суреттері жарнамалық материалдарда ұсынылған, бірақ Жеңімпаздарға берілген Жүлделерден өзгеше болуы мүмкін.

2.6. Ұйымдастырушы өзіне байланысты емес себептер бойынша, Акцияның Қағидаларына өзгерістер енгізу арқылы Жүлделердің санын, жиынтығын, түрін және өзге сипаттамаларын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

3. АКЦИЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1. Акцияға осы Қағидалардың талаптарына сай келетін және осы Қағидаларда көзделген әрекеттерді жасаған Қатысушылар қатысуға құқылы. Акцияға кәмелетке толмаған балалар, Ұйымдастырушының, Оператордың, олардың үлестес тұлғаларының жұмыскерлері мен уәкілетті өкілдері, сондай-ақ осындай жұмыскерлер мен өкілдердің отбасы мүшелері, сол сияқты Акцияны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге тікелей қатысы бар өзге тұлғалардың жұмыскерлері мен өкілдері, сондай-ақ олардың отбасыларының мүшелері (Акция Қағидаларының мақсаттары үшін отбасы деп туыстықтың барлық дәрежесіндегі туыстар түсініледі). сондай-ақ азаматтығы жоқ және ҚР-да тұруға ықтиярхаты жоқ шетел азаматтары қатыса алмайды.

3.2. Акция Қатысушысы Акция Ұйымдастырушысынан (Операторынан) осы Акцияның Қағидаларына сәйкес Акциялар, Жүлделердің ұтыс ойындары туралы ақпарат алуды талап етуге құқылы.

3.3. Қатысушылар Акция Қағидаларында белгіленген мерзімде Акцияға қатысумен және Жүлделер алумен байланысты барлық әрекеттерді орындауға міндетті.

3.4. Ұйымдастырушы Қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттарды сұрату және тексеру құқығын өзіне қалдырады, сонымен қатар азаматтығы, жасу тексеріледі.

3.5. Акцияға қатыса отырып, өзінің Instagram парақшасында Акцияға сәйкес келетін қажетті әрекеттерді жасаған Қатысушы, сол арқылы осы Қағидалардың шарттарымен танысқанын және келісетінін растайды.

3.6. Акцияны өткізу мақсатында Ұйымдастырушыға (Операторға) қатысушылар туралы ақпарат, оның ішінде Акцияға Қатысушылардың дербес деректері қажет. Акцияға Қатысушылар Қағидаларда көрсетілген тәртіппен нақты және өзекті (сенімді) деректерді көрсетуге міндеттенеді. Акция Ұйымдастырушысының (Операторының) Акция Қатысушысынан алған ақпаратты осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Қатысушылар ерікті түрде ұсынған кез келген ақпарат, соның ішінде дербес деректер Ұйымдастырушы, оның уәкілетті өкілдері және/немесе жарнамалық агенттіктер тарапынан тек Акцияны өткізумен байланысты мақсаттарда, соның ішінде Акцияны Ұйымдастырушының жарнамалық мақсаттарында қолданылуы мүмкін.

3.7. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы Акция – бұл Жүлделер ұтысы рандомайзердің кездейсоқ таңдауына байланысты болатын ынталандыратын іс-шара екенін анық және біржақты түсінеді. Тиісінше, барлық Қатысушылар Жеңімпаз бола алмайды.

3.8. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы Raffaello/Ferrero Rocher тауар белгісіне қатысты пайдалану, атап өту немесе кез келген өзге іс-әрекеттерге ешқандай құқық алмайды.

4. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

4.1. Акция Қатысушысы болу үшін Акция өткізу кезеңінде және Акция өткізу аумағында мынадай әрекеттерді орындау қажет:

4.1.1. *Акцияның сайтында тіркеліңіз. Акция Сайтында тіркелу Сайтта Қатысушыны тіркеу үшін Сайттағы тіркеу нысанының тиісті өрістерінде Қатысушының келесі деректерін толтыру қажет:*

- ұялы телефонының нөмірі;
- Т.А.Ә.;
- қатысушының акция шарттарымен және дербес деректерді өңдеу қағидаларымен келісуі.

4.1.2. *Келесі шарттарға сай Ferrero Rocher немесе Raffaello өнімдерін сатып алу туралы ақпараты бар түбіртек жүктеп салу үшін таңдаңыз:*

- түбіртек Қазақстан Республикасында берілуі керек;
- сатып алу күні Науқан мерзіміне сәйкес келуі керек;
- түбіртеkte Ferrero Rocher немесе Raffaello өнімінің атауы анық көрсетілуі керек;
- түбіртек суреті анық, сапалы, толық көрінетін өрістері бар болуы керек;
- графикалық редакторлардың көмегімен жасалған өңделген немесе жалған түбіртек суреттеріне жол берілмейді;
- дұрыс фискалдық деректемелері бар және қажет болған жағдайда OFD жүйесінде құжаттың түпнұсқалығын растауға мүмкіндік беретін түпнұсқа кассалық чектер ғана қабылданады;
- бірдей түбіртекті тек бір рет жүктеп салуға болады, көшірме жасауға рұқсат етілмейді.

4.1.3. *Көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда түбіртек қабылданбауы мүмкін, ал қатысу жарамсыз деп танылады.* Чекті жүктеу шарттарын орындау бойынша Қатысушы 2.1.2-тармақтан жүлделердің бірін ұтып алу мүмкіндігіне ие болады. Жүлделерді ұтып алу бағдарламалау арқылы сайт кодына енгізілген кездейсоқ рандомизаторды таңдауға байланысты. Ferrero Rocher немесе Raffaello қаптамалары бар чекті жүктеу шарттары орындалса, электрондық нысанда ұсынылатын, атап айтқанда номиналы 10.000 тг «Meloman» дүкеніне сертификат ұтып алу мүмкіндігі пайда болады.

4.1.4. Акцияға қатысу кезеңінде бір қатысушы тек бір жүлдені ұтып ала алады.

5. АКЦИЯ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ

5.1. Оператордың Акция Жүлдегерлерін айқындауы Қағидаларда көрсетілген Акцияның аяқталу күндері, көрсетілген кезеңде Акцияға қатысқан барлық Акция Қатысушыларының арасында сайтта ұтыс ойынын өткізу жолымен жүзеге асырылады.

5.2. Сайтқа енгізілген Рандомайзер чекті жүктеген белгілі бір Қатысушының Жеңімпаз екенін кездейсоқ анықтайды.

5.3. Акцияның бүкіл мерзімі ішінде Жүлде иегерлері анықталады.

5.4. Барлық талаптарды орындамаған және/немесе Қағидалардың шарттарын дұрыс орындамаған Акция Қатысушылары Акция Жүлделерін алуға жіберілмейді.

5.5. Жүлдегерлерді ақпараттандыру Сайтта ақпаратты орналастыру арқылы, сондай-ақ тіркеу кезінде көрсетілген телефон нөмірі арқылы жеке хабарлама арқылы жүргізілетін болады, сондай-ақ Қатысушылар Жүлдегерлер туралы ақпаратты жедел желінің келесі нөмірі бойынша ала алады: +88000807171

5.6. Егер Акция Жеңімпазының телефоны байланыс аясынан тыс болса немесе Жеңімпаз **48 (қырық сегіз) сағат** бойы қоңырауға жауап бермесе немесе Акция Ұйымдастырушысына (Операторына) тәуелсіз техникалық сипаттағы кез келген басқа себептер орын алса, Жеңімпаз Жүлдені алу құқығынан айырылады. Ұйымдастырушының Жүлдені қосалқы Жеңімпазға беруге құқығы бар, егер қосалқы Жеңімпаз да байланысқа шықпаса немесе өз деректерін беруден бас тартса, онда Жүлде талап етілмеген деп танылады.

5.7. Ұйымдастырушы талап етілмеген Жүлделерді Акция мерзімі мен Жүлделерді беру мерзімі өткеннен кейін өз қалауы бойынша билік ету құқығын өзіне қалдырады.

6. АКЦИЯ ЖҮЛДЕЛЕРІН БЕРУ ТӘРТІБІ

6.1. Жүлдегер Жүлдені алу үшін, оны жеңімпаз деп анықталған сәттен бастап 48 (қырық сегіз) сағат ішінде Операторға (+7 707 710 3031) келесі құжаттар мен ақпаратты беруі қажет:

- Индексі көрсетілген ҚР аумағында Жүлдені жөнелту мекенжайы
- Жүлде алушының Тегі және Аты
- Жеке куәліктің оң жағының фотосы
- Жүлде алушының ЖСН

6.2. Жүлдегердің Жүлдені қабылдау-беру актісін толтырудан және/немесе оған қол қоюдан бас тартуы және/немесе дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім бермеуі, сол сияқты толық емес/дәйексіз

ақпаратты көрсетуі және/немесе Жүлдені алу үшін қажетті барлық ақпаратты ұсынбаған немесе уақтылы ұсынбаған жағдайда Жүлдегердің Жүлдеден бас тартуын білдіреді.

6.3. Жүлделер Жүлдегерлерге курьерлік қызмет арқылы 25.08.2025 ж. бастап 21.10.2025 ж. дейінгі мерзімде Жүлдегерлер Операторға берген мекенжайға тапсырылады (жөнелтіледі). Ұйымдастырушы мұндай мекенжайдың дұрыстығына, сондай-ақ оған үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруіне жауапты болмайды.

6.3.1. Әр жүлде физикалық жүлде ретінде жеткізіледі.

Жеткізілетін қалалардың тізімі: Қазақстан Республикасының барлық қалалары, басқа елдерге жеткізілмейді.

6.4. Егер Жеңімпаз нақты жеткізу мекенжайын дұрыс көрсетпеген немесе көрсетілген мекенжай бойынша болмаған жағдайда, Ұйымдастырушы да, Оператор да Жүлдені Жеңімпазға жеткізгені үшін жауапты болмайды.

6.5. Барлық талап етілмеген Жүлделер Ұйымдастырушының меншігінде қалады, ол оларды өз қалауы бойынша пайдалана алады.

6.6. Акцияның Ұйымдастырушысы және Оператор жүлделерді жеткізу мерзімдерін бұзғаны, олардың жоғалғаны және осындай жеткізуді жүзеге асыратын ұйымдардың оларды бүлдіргені үшін жауапты болмайды.

7. БАСҚА ШАРТТАР. ЖАУАПКЕРШІЛІК

7.1. Акция Қатысушысы Қағидаларда көрсетілген, Ұйымдастырушының және/немесе Оператордың шығындануына әкеп соқтырған міндеттерін бұзған жағдайда, Акция Қатысушысы мұндай залалдарды толық мөлшерде өтеуге міндетті.

7.2. Ұйымдастырушы, сондай-ақ Акцияны ұйымдастыруға және өткізуге Ұйымдастырушы уәкілдік берген тұлғалар Қатысушының смартфон/компьютері қосылған байланыс операторы немесе интернет-провайдер желісінің техникалық ақаулары үшін жауапты болмайды.

7.3. Ұйымдастырушы Акция Қатысушысының шеккен шығындарын қоса алғанда (басқасының барлығынан бөлек) қате деп танылған әрекеттерінің/әрекетсіздігінің қандай да бір зардаптары үшін жауапты болмайды.

7.4. Ұйымдастырушы алынбаған Жүлделерді өз қалауы бойынша қолдануға құқылы.

7.5. Ұйымдастырушы мен Оператор жауапты емес:

- Қатысушылардың Акцияға қатысуға байланысты міндеттерді орындамағаны/уақтылы орындамағаны үшін;
- Қатысушыларды Акция қағидаларымен таныстырмағаны немесе олардың дұрыс түсінбеуі үшін, сондай-ақ Акцияны өткізу нәтижелерімен таныспағаны үшін;
- Қатысушылардан хаттарды, қоңырауларды және/немесе электрондық хабарламаларды алмағаны үшін, оның ішінде пошта қызметінің, байланыс ұйымдарының кінәсынан, Интернет желісіндегі және/немесе Акция өткізу кезінде пайдаланылатын байланыс арналарында техникалық проблемалар және/немесе алаяқтықтың салдарынан алмағаны үшін;
- Қатысушылардан Жүлделерді алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмағаны/уақтылы алмағаны үшін;
- Қатысушылардан Акция өткізу және Акция Жүлделерін беру үшін қажетті толық емес және/немесе дұрыс емес байланыс және/немесе өзге де мәліметтерді, дербес деректерді алғаны үшін;
- Қатысушының Акцияға қатысуына және/немесе Акция жүлдесін алуына байланысты шеккен кез келген шығыстары және / немесе залалдары үшін;
- форс-мажор туындағанда, оның ішінде төтенше жағдай режимі, карантин және/немесе коронавирус пандемиясына байланысты кез келген өзге де шектеу шаралары енгізілген жағдайда.

7.6. Акцияның барлық Қатысушылары Акцияға қатысуға байланысты шеккен барлық және кез келген шығыстарды (Интернет желісін пайдалануға, Акция туралы кез келген ақпаратты алуға және т.б. байланысты шығыстарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) дербес төлейді.

7.7. Ұйымдастырушы мен Оператор Акция Жүлделеріне құқық туралы кез келген дауларға қатысты жауапты болмайды. Қалай болғанда да, Жүлделерді беруге қатысты түпкілікті шешімді Ұйымдастырушы қабылдайды және мұндай шешім шағымдануға жатпайды.

7.8. Ұйымдастырушы мен Оператор ұялы телефон нөмірлерінің, электрондық мекенжайлардың бір немесе басқа тұлғаға тиесілі екендігі туралы жанжалдар туындаған жағдайда дауға кіріспейді. Барлық осындай даулар Акцияға Қатысушылар мен олардың қарсыластары арасында дербес және өз есебінен шешіледі.

7.9. Акцияны Ұйымдастырушы және Оператор Жеңімпаздың Акция Жүлдесін пайдалануына, оның ішінде билеттер Жеңімпазға берілгеннен кейін оның қолданылу мерзімінің өтуіне жауапты болмайды.

8. САЛЫҚ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

8.1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Акцияның жүлделері осы Акцияның жүлделері үшін төлем көзінен салық салынатын табыстарға жатады, өйткені жүлделердің құны 5 АЕК-тен асады.

8.2. ҚР заңнамасына сәйкес барлық салықтар мен алымдарды Акция Операторы төлейді.

9. АКЦИЯ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫНЫҢ КӨЗДЕРІ

9.1. Акция Қатысушылары, оның өткізілуі шарттары мен мерзімі туралы Акция Сайтында <https://ferrero-promo.kz/> жалпыға қолжетімді түрде Акция өткізілуінің толық шарттарын орналастыру арқылы хабардар етіледі.

10. АКЦИЯНЫ УАҚЫТША ТОҚТАТУ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТУ

10.1. Акция Қағидаларын өзгерткен, сондай-ақ оны уақытша тоқтатқан немесе өткізбеген жағдайда Оператор бұл туралы Қатысушыларды Сайтта тиісті хабарландыру орналастыру жолымен ақпараттандырады

10.2. Акцияны өткізуді уақытша тоқтату, Акцияны өткізуді мерзімінен бұрын тоқтату кезінде Акция Ұйымдастырушысы Сайтта немесе басқа бұқаралық ақпарат құралы арқылы тиісті хабарламаны жалпыға қолжетімді түрде жариялауға немесе мұндай уақытша тоқтату/тоқтату туралы басқа жолмен көпшілікке хабарлауға міндетті.

10.3. Акция Ұйымдастырушысы Акция өткізуді аяқтауға, соның ішінде Акция Жұлделерін табыстауға/ұсынуға және әлдеқашан Акция Ұтысының Жүлдегерлері болған Қатысушыларға Акция өткізуді уақытша тоқтату немесе мерзімінен бұрын тоқтатуға дейін өзге қажетті әрекеттерді орындауға міндетті.

10.4. Акция өткізуді уақытша тоқтату немесе мерзімінен бұрын тоқтату Акция Ұйымдастырушысын немесе оның тапсырмасы бойынша Операторды Акция өткізуді уақытша тоқтату немесе мерзімінен бұрын тоқтатуға дейін Акцияға қатысқан Жеңімпаздарға Акция Жұлделерін табыстау қажеттілігінен босатпайды.

11. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

11.1. Осы Қағидалардың мақсатында дербес деректер деп - электрондық, қағаз және (немесе) өзге материалдық тасығышта тіркелген (дербес деректер субъектісіне) белгіленген, олардың негізінде белгіленетін немесе белгіленетін дербес деректер субъектіне қатысты мәлімет түсініледі.

11.2. Дербес деректерді жинау және өңдеу деп Қағидаларда Акция өткізу мақсатында ұсынылған дербес деректерді жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, өзгерту), толықтыру, пайдалану, тарату, иесіздендіру, бұғаттау, жоюды қоса алғанда дербес деректерді автоматтандыру құралдарын қолдану арқылы немесе ондай құралдарды қолданбай жасалатын кез келген әрекет (операция) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығы түсініледі.

11.3. Қағидалардың осы 5-бөліміндегі Қатысушылар деп - Қағидаларда айқындалғандай, Қатысушы мәртебесін алуына қарамастан, Қағидаларға сәйкес Акцияға қатысу мақсатында Ұйымдастырушыға (Операторға) және оның Серіктесіне дербес деректерді берген барлық адамдар түсініледі.

11.4. Акцияға қатысу туралы шешім қабылдай отырып және Акция Қағидаларында көзделген кез келген іс-әрекетті орындай отырып, Қатысушы осылайша Ұйымдастырушыға, оның уәкілетті өкілдеріне (Оператормен және Ұйымдастырушы Акция өткізуге тартатын өзге де тұлғалармен, бұдан әрі бірлесіп «өзге серіктестер» деп аталатын) өзіне берілген кез келген ақпаратты, оның ішінде дербес деректерді ерікті түрде беру туралы өзінің келісімін растайды, Қағидаларға сәйкес Ұйымдастырушының (Оператордың, өзге серіктестердің) міндеттемелерді орындауы мақсатында Ұйымдастырушының (Оператордың, өзге серіктестердің) өңдеуіне, сақтауына және таратуына, трансшекаралық табыстауға өз келісімін береді, атап айтқанда, мына мақсаттарда:

- Акцияға Қатысушылар мен Жұлдегерлерді анықтау;
- Акция Жұлделерін Жұлдегерлерге тапсыру (жөнелту) ;
- Қатысушының қосымша келісімін алмай және ол үшін қандай да бір сыйақы төлемей салық агентінің міндеттерін орындау.

11.5. Қатысушылар Акция мақсаттары үшін ұсынылатын дербес деректер Ұйымдастырушыға және оның Серіктесіне (Операторға, өзге серіктестерге) Акция мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті дербес деректерге қатысты кез келген іс-қимылдарды жүзеге асыруға, оның ішінде (шектеусіз): жинау, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), пайдалану, тарату, бұғаттау, жою, шет мемлекеттердің аумағында трансшекаралық беру (дербес деректерді автоматтандырылған өңдеу кезінде жеке тұлғаларды қорғау туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясының тараптары болып табылатын, дербес деректер субъектілерінің құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз ететін және Ресей Федерациясының аумағын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, дербес деректер субъектілерінің құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз етпейтін өзге де шет мемлекеттер), сондай-ақ қолданыстағы заңнаманы ескере отырып, дербес деректермен кез келген өзге іс-әрекеттерді жүзеге асыруға келіседі және түсінеді. Қатысушылар Акцияға қатысу үшін көрсеткен немесе өзгеше түрде ұсынған дербес деректерді Ұйымдастырушы (Оператор, өзге серіктестер) Акцияны өткізу мақсаттарында барлық қажетті тәсілдермен өңдейтінін түсінеді және келіседі.

- 11.6.** Дербес деректерді өңдеуді Ұйымдастырушы, Акция Операторы және Оператордың Серіктесі ҚР 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V Заңында көзделген талаптарды сақтай отырып жүзеге асыратын болады. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" (бұдан әрі - "Дербес деректер туралы" Заң).
- 11.7.** Ұйымдастырушыға (Операторға) дербес деректерді өз еркімен ұсына отырып, Қатысушылар "Дербес деректер туралы" Заңда көзделген кез келген тәсілдермен дербес деректерді жинауға және өңдеуге және Ұйымдастырушының, Оператордың, өзге серіктестердің Акцияны өткізу мақсаттары үшін осындай деректерді таратуға өздерінің келісімін растайды.
- 11.8.** Ұйымдастырушы, Оператор және Оператордың Серіктесі дербес деректерді рұқсат етілмеген кіруден қажетті қорғау шараларын кепілдендіреді. Қатысушылар Акцияға қатысу мақсаты үшін хабарлаған барлық дербес деректерді Ұйымдастырушы, Оператор және өзге серіктестер ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес және осы Қағидаларда көрсетілген кепілдіктерді сақтай отырып өңдейді және сақтайды.
- 11.9.** Ұйымдастырушы, Оператор және өзге серіктестер келесі қағидаларды сақтауға міндеттенеді және Қатысушыға дербес деректерді өңдеуге қатысты келесі кепілдіктерді ұсынады:
- 11.10.** дербес мәліметтерді қорғау саласында ҚР заңнамасының барлық қолданыстағы талаптарын сақтау, соның ішінде дербес деректер операторының «Дербес деректер туралы» Заңында бекітілген дербес деректер операторының ұстанымдарын, талаптарын, міндеттемелерін сақтау арқылы дербес деректерді өңдеуді қамтамасыз ету;
- 11.11.** дербес деректерді тек Акция өткізу көлемінде және мақсатында өңдеу. Дербес деректер субъектілерін қандай да бір өнімдер мен қызметтер туралы хабардар ету мақсатында, сондай-ақ кез келген өзге де мақсаттарда дербес деректерді пайдалануға және өңдеудің өзге де түрлеріне жол берілмейді;
- 11.12.** Акцияға Қатысушылар ұсынған дербес деректерді, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан дерекқорларды пайдалана отырып, Интернет желісі арқылы жүзеге асыруды және жинауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету. Акцияны өткізу мақсатында Қатысушылар ұсынған дербес деректерді жинау және өңдеу кезінде Ұйымдастырушы, Оператор және/немесе өзге серіктестер пайдаланатын Қатысушылардың дербес деректері бар дерекқорлары бар серверлер Қазақстан Республикасының аумағында болады, атап айтқанда:
- 11.13.** Ұйымдастырушы қызметкерлерінің деректерді сақтау сервері: ҚР Қазақстан, Алматы қ. Осы арқылы Қатысушылар Акция мақсатында жиналып, өңделетін дербес деректерінің орналасқан орны туралы ақпараттандырылған болып саналады.
- 11.14.** егер Ұйымдастырушы, Оператор өзінің Қатысушылар алдындағы міндеттемелерін орындау мақсатында Қатысушылардың дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруге немесе өзге жолмен жариялауға тиіс болса, аталған әрекеттерді "Дербес деректер туралы" Заң талаптарын сақтай отырып жүзеге асыру;
- 11.15.** ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес өңдеу кезінде Қатысушылардың дербес деректерінің қауіпсіздігі мен құпиялығының қорғалуы мен қамтамасыз етілуі үшін жауапты болу.
- 11.16.** Қатысушылар дербес деректерді өңдеуге келісімді Акция өткізудің барлық мерзіміне 2025 жылғы 31 қаңтарға дейінгі мерзімге береді. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін Оператор (Ұйымдастырушы) Акция барысында алған дербес деректерді сақтамайды және таратуға жатпайды және жойылады
- 11.17.** Қатысушы кез келген уақытта Ұйымдастырушыға/Операторға тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен немесе Ұйымдастырушының/Оператордың осындай кері қайтарып алуына кепілдік беретін өзге де тәсілмен тиісті хабарлама жібере отырып, дербес деректерді өңдеуге келісімді кері қайтарып алуға құқылы. Дербес деректерді өңдеуге келісімді қайтарып алуды Ұйымдастырушының дұрыс өңдеуі үшін, мұндай қайтарып алуда кем дегенде субъектінің e-mail және Қатысушыны бір мәнді сәйкестендіру үшін Акцияның атауы / Сайттың мекенжайы болуы тиіс. Әйтпесе, Ұйымдастырушы дербес деректерді өңдеуге келісімді қайтарып алатын субъектіге қай сайтта және/немесе қандай қызмет барысында дербес деректерді өңдеуге келісім берілгені туралы ақпаратты нақтылау мақсатында жүгіне алады. Қайтарып алуды жедел желі нөмірі бойынша жіберу қажет.
- 11.18.** Қатысушының Акцияны өткізу кезеңінде дербес деректерді өңдеуге келісімін қайтарып алуы автоматты түрде тиісті Қатысушының Акцияға қатысудан шығуына әкеп соғады және Акция Жүлдесін алуға мүмкіндік бермейді. Дербес деректерді өңдеуге келісімді қайтып алу туралы хабарлама алғаннан кейін оларды өңдеуді доғаруға және Ұйымдастырушының міндеттеуі/тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлғаның мұндай өңдеуді тоқтатуды қамтамасыз етуге және егер дербес деректерді сақтау дербес деректерді өңдеу мақсаттары үшін одан әрі қажет болмаса, дербес деректерді Ұйымдастырушы аталған қайтып алу хабарламасы келіп түскен күннен бастап 10 (он) күннен аспайтын мерзімде жоюға немесе олардың жойылуын қамтамасыз етуге міндетті (егер дербес деректерді өңдеуді Ұйымдастырушының міндеттеуі/тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге тұлға жүзеге асырса).
- 11.19.** Оператор жоғарыда көрсетілген кепілдіктерді бұзған Қатысушыларды Акцияның жалпы мерзімі ішінде кез келген уақытта Акцияға қатысудан шеттету құқығын өзіне қалдырады.

11.20. Қатысушының өзекті емес (қате) және (немесе) дәл емес (дұрыс емес) деректерді ұсынуы Акция Ұйымдастырушысын Жүлдені(-лерді) осындай Қатысушыға беру бойынша міндеттемелерден босатады және осындай Қатысушының Акцияға қатысудан автоматты түрде шығаруылына әкеп соғады.

12. БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛІ

12.1. Қатысушылар Акция Операторымен байланыса алады:
жедел желі нөмірі бойынша ұялы байланыспен: +88000807171